# Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жекелеген кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 сәуірдегі N 473 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мыналар:

1) "Қазақстан емдеу кешені" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен "Қазақстан санаторийі" акционерлік қоғамына қайта құру жолымен;

2) "Шалқар су санаторийі" және "Жеке батыр санаторийі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарын жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен "Арқа санаторийі" акционерлік қоғамына қосу жолымен;

3) "Арман санаторийі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен "Арман санаторийі" акционерлік қоғамына қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) олардың қызметінің негізгі мәні ішкі істер органдарының қызметкерлерін, ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін, ішкі істер органдарының зейнеткерлері мен олардың отбасы мүшелерін және басқа да жеке тұлғаларды санаториялық-курорттық емдеуді ұйымдастыру деп белгілей отырып, құрылатын акционерлік қоғамдардың жарғыларын бекітсін;

2) акционерлік қоғамдарды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген іс-шаралар орындалғаннан кейін, құрылатын акционерлік қоғамдардың акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену және пайдалану құқықтарын Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне берсін;

4) осы қаулыны іске асыру жөніндегі өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 сәуірдегі N 473 қаулысымен бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

2. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-55-жолмен толықтырылсын:

"21-55 "Арқа санаторийі" АҚ;

"Алматы қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 123-88-жолмен толықтырылсын:

"123-88 "Қазақстан санаторийі" АҚ;

"Оңтүстік Қазақстан облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 297-жолмен толықтырылсын:

"297 "Арман санаторийі" АҚ".

3. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында :

көрсетілген қаулымен бекітілген Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге және өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 266-1, 266-2, 266-3-жолдармен толықтырылсын:

"266-1 "Қазақстан санаторийі" АҚ;

"266-2 "Арқа санаторийі" АҚ;

"266-3 "Арман санаторийі" АҚ".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК